

Сайлау бюллетеніне саяси партиялар атауларын енгізу туралы жеребе өткізудің Ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 15/214 қаулысы

Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 37-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 23.12.2015 № 45/78 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

1. Сайлау бюллетеніне саяси партиялар атауларын енгізу туралы жеребе өткізудің ұсынылған Ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
т ө р а й ы м ы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
х а т ш ы с ы

Қазақстан Республикасы Орталық
сайлау комиссиясының 1999 жылғы
13 шілдедегі N 15/214 қаулысымен
бекітілген

Сайлау бюллетеніне саяси партиялар атауларын енгізу туралы жеребе өткізудің Ережесі

1. Саяси партиялар үшін дауыс беруге арналған сайлау бюллетеніне саяси партиялардың атаулары жеребе арқылы анықталған ретпен енгізіледі.

2. Жеребе тарту Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының (бұдан әрі – Орталық сайлау комиссиясы) отырысында өткізіледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 23.12.2015 № 45/78 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

қ а у л ы с ы м е н .

3. Жеребе өткізілген кезде партиялық тізімдер ұсынған саяси партиялардың өкілдері қ а т ы с а д ы .

4. Жеребе өткізудің төмендегі тәртібі белгіленеді:

1) Орталық сайлау комиссиясының мүшесі (келісім бойынша) мөлшері мен түсі бірдей конверттерге тіркелген партиялардың санымен тең реттік нөмірлер жазылған парақтарды салады. Бір конвертте нөмір жазылған бір ғана парақ болады;

2) конверттер мөрленіп, араластырылып барлық қатысушылардың көз алдындағы стол үстіне орналастырылады;

3) әр саяси партияның өкілі кезекпен столдағы кез келген конвертті алып оны ашады, парақта жазылған нөмірді көпшілікке жария етеді;

4) конверт ішіндегі нөмір - саяси партияның сайлау бюллетеніне енгізілетін нөмірі б о л ы п т а б ы л а д ы .

5. Жеребені өткізудің нәтижесі хаттамаға енгізіліп, оған қатысып отырған Орталық сайлау комиссиясының мүшелері қолдарын қояды.